

**Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңес туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1391. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңес туралы" 2002 жылғы 15 қарашадағы N 357 өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңес құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңес туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялылық және жүргізіліп отырған жұмыс пен Кеңесте азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша қабылданған шешімдер туралы азаматтарды кеңінен хабардар ету қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2                    ж ы л ғ ы                    2 9                    ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N            1 3 9 1                    қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңес туралы ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңестің (бұдан әрі - Кеңес) қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтық қоғамды

одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңес туралы" 2002 жылғы 15 қарашадағы N 357 өкімінің негізінде жүзеге асырылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен өзге де өкілдері Кеңестің қатысушылары болып табылады. Кеңестің жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Кеңес қатысушыларының ұсынысы бойынша оған жаңа мүшелер қосу жолымен оның құрамы кеңейтілуі мүмкін.

4. Кеңестің жұмысына әрбір қатысушыдан - саяси партиядан, үкіметтік емес ұйымнан бір өкілден қатысады. Кеңеске қатысушы депутаттар олардың төрағаларымен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталарынан не өз саяси партияларынан өкілдік етеді. Парламенттің өзге депутаттары, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, Кеңес жұмысына кеңесуші дауыс құқығымен қатыса алады.

5. Кеңесті Қазақстан Республикасының Үкіметі Кеңеске қатысушылардың ұсыныстары бойынша бекітетін төраға басқарады. Кеңес төрағасының Кеңеске қатысушылар ішінен сайланатын орынбасары болады. Төрағаның орынбасары Кеңестің кезекті отырысы басталғанға дейін өз өкілеттіктерін сақтайды және оған дайындық жұмысын қамтамасыз етеді. Кеңестің төрағасы Мемлекет басшысына Кеңестің жұмысы туралы жүйелі түрде ақпарат ұсынады.

6. Кеңестің қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету үшін Кеңестің Хатшылығы құрылуы мүмкін. Кеңестің қызметін ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді Кеңестің жұмыс органы - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жүзеге асырады.

7. Кеңестің жұмысы отырыстар түрінде жүргізіледі.

8. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатқа ие, ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және, егер оларға қатысушылар жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Оларды білдірген қатысушылардың тілегі бойынша Кеңеске қатысушылардың көпшілік дауысына ие болмаған пікірлері жазбаша түрде ресімделуі және Кеңестің шешіміне қоса берілуі мүмкін.

## **2. Кеңестің құқықтары**

## 9. Кеңес мыналарға құқылы:

азаматтық қоғамды одан әрі демократияландырумен және дамытумен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен консультациялар жүргізуге;

азаматтық қоғамды одан әрі демократияландырумен және дамытумен байланысты мәселелер бойынша заңдар мен өзге нормативтік құқықтық кесімдер қабылдау туралы ұсыныстарды әзірлеуге және мемлекеттік органдарға енгізуге;

Кеңес құзыретіне енетін жекелеген мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс топтарын құруға;

Кеңес міндеттерін іске асыру үшін қажетті құжаттар мен өзге де материалдарды мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан сұратуға және алуға;

Кеңес құзыретіне енетін мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін тыңдауға; қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға.

### 3. Кеңес отырыстарын дайындау

10. Кеңес отырыстары (бұдан әрі - отырыс) қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі.

11. Отырыстың күн тәртібінің жобасын Кеңеске қатысушылар ұсыныстарының және бұрын қабылданған шешімдердің негізінде Кеңес қалыптастырады. Отырыс күн тәртібін қалыптастыру кезінде әрбір қатысушы отырыс күн тәртібіне мәселелер енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы. Мәселенің бастамашысы отырыс басталғанға дейін 30 күн бұрын Кеңестің жұмыс органына барлық қажетті материалдарды (анықтамаларды, шешімдердің жобаларын) енгізуге тиіс. Жұмыс органы кезекті отырысқа материалдарды Кеңеске қатысушыларға жөнелтуді ол өткізілгенге дейін 7 күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

12. Ұсынылатын отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша Кеңестің жұмыс органына түсіндірме жазба, отырыс шешімінің (ұсынымының) жобасы, шақырылған адамдардың тізімі ұсынылады.

13. Кеңестің кезекті отырысы өткізілетін күнін Кеңес төрағасы Кеңеске қатысушылармен келісім бойынша белгілейді.

14. Отырысқа Кеңеске қатысушылар құрамына кірмейтін мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері, ғалымдар мен мамандар, басқа да ұйымдардың өкілдері, тәуелсіз сарапшылар шақырылуы мүмкін.

15. Отырыстар Қазақстан Республикасының Үкіметі беретін үй-жайларда өткізіледі.

### 4. Кеңес отырыстарын өткізудің тәртібі

16. Кеңес қатысушыларының жартысынан астамы болған жағдайда, отырыстар заңды болып саналады.

#### 17. Төраға отырыста:

отырыстың күн тәртібі мен оның жұмысының регламенті туралы хабардар етеді;

осы Ережеге сәйкес отырысты жүргізуді қамтамасыз етеді; ұсыныстардың түсу ретіне қарай сөз сөйлеушілерге сөз береді, ал қажет болған жағдайларда осындай өзгертудің дәлелдемесін жариялап, сөз сөйлеудің кезегін өзгерте алады;

отырыстың бекітілген регламентін бұзған кезде сөз сөйлеушіге ескерту жасауға немесе оны сөз сөйлеуден айыруға құқылы.

18. Баяндамаларға отырыста 20 минуттан аспайтын уақыт беріледі. Отырысқа қатысушылардың әрқайсысы талқыланатын мәселе бойынша екі реттен асырмай сөз сөйлеуге құқылы. Бұл ретте негізгі сөзі үшін 5 минуттан аспайтын, қосымша сөзі үшін 2 минуттан аспайтын уақыт беріледі. Қаралатын мәселенің сипатын ескере отырып, осы регламент Кеңестің отырысқа қатысушыларының шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

19. Отырыстарға қатысушылар мен шақырылғандар оларға төраға сөз бергеннен кейін ғана сөз сөйледі.

#### **5. Отырыстар шешімдерінің орындалуын бақылау**

20. Отырыстар шешімдерінің орындалуын бақылау Кеңес төрағасына жүктеледі. Кеңес төрағасы Кеңес шешімдерін орындау жөніндегі жұмыстың барысы туралы Кеңеске қатысушыларды тұрақты түрде хабардар етеді.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1391 қаулысына

қосымша

**Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңестің құрамы**

Мұхаметжанов - Қазақстан Республикасы

Бауыржан Әлімұлы - Премьер-Министрінің орынбасары,

төраға

Әбділдин - Қазақстан Коммунистік партиясының

Серікболсын Әбділдаұлы - бірінші хатшысы, Қазақстан

Республикасының Парламенті

Мәжілісінің депутаты

(келісім бойынша)

Әбілқасымов - "Қазақ елі" ұлттық бірлесу  
Ерасыл Әбілқасымұлы Партиясының төрағасы, Қазақстан  
Республикасының Парламенті  
Мәжілісінің депутаты

Әуезов - "СОРОС-Қазақстан" қорының  
Мұрат Мұхтарұлы Президенті

Антоний - Орал және Гурьев архиепископы  
(Москаленко Владимир)

Байкенов - Қазақстан Республикасы Жұмыс  
Қадыр Қарқабатұлы берушілер Конфедерациясының  
президенті

Байтасов - Қазақстан телерадио хабарларын  
Арманжан Мерекеұлы таратушылары ұлттық  
қауымдастығының президенті

Бексұлтанов - "Қазақстанның болашағы үшін"  
Мәди Қазбекұлы республикалық қозғалысының төрағасы

Беляков - "Соотечественник" партиясының  
Геннадий Федорович төрағасы, Орыс және славян ұйымдары  
қауымдастығының төрағасы

Волков - Қазақстанның өрлеу Партиясы  
Анатолий Михайлович төрағасының орынбасары

Дербісәлі Әбсаттар қажы - Қазақстан мұсылмандары діни  
(Бағысбайұлы) басқармасының төрағасы, Бас мүфтий

Ермегияев - "Отан" республикалық социал-  
Амангелді Дінұлы демократиялық партиясы төрағасының  
міндетін атқарушы

Ертісбаев - Қазақстан Республикасы  
Ермұхамет Қабиденұлы Президентінің кеңесшісі

Жовтис - Адам құқығы және заңдылықты  
Евгений Александрович сақтау жөніндегі халықаралық  
бюроның директоры

Жұмабаев - Қазақстан телерадио хабарларын  
Айдар Әбілмәжінұлы таратушылары қауымдастығының  
президенті

Қалиев - "Ауыл" Шаруа социал-демократиялық  
Ғани Әлімұлы партиясының басшысы, Қазақстан  
Республикасының Парламенті  
Мәжілісінің депутаты

Қасымов - Қазақстан патриоттары Партиясының  
Ғани Есенгелдіұлы төрағасы, Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің депутаты

Қасымов - Қазақстанның "Алаш" партиясының  
Жанат Жақыпсейітұлы төрағасы

Коген - Қазақстанның бас раввині  
Ешя

Қосанов - Қазақстанның Республикалық  
Әміржан Сағитрахманұлы халықтық партиясы (келісім бойынша)

Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасының  
Мұхтар Абрарұлы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім Министрі

Мадинов - Қазақстан аграрлық партиясының  
Ромин Ризович төрағасы, Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің депутаты

Матаев - Қазақстан Журналистер одағы  
Сейітқазы Бейсенғазыұлы басқармасының төрағасы

Мұқашев - Қазақстан Республикасының  
Сиязбек Өнербекұлы кәсіподақтары федерациясының  
төрағасы

Нәрікбаев - "Құқықтық Қазақстан үшін"  
Мақсұт Сұлтанұлы республикалық азаматтық  
қозғалысының төрағасы

Нысанбаев - Әлеуметтік ғылымдар академиясының  
Әбдімәлік Нысанбайұлы президенті, Қазақстан  
Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі Философия және  
саясаттану институтының директоры

Перуашев - Қазақстан Азаматтық партиясының  
Азат Тұрлыбекұлы бірінші хатшысы

Сәрсембаева - Қазақстан әйелдері Демократиялық  
Раушан Біргебайқызы партиясының төрағасы

Своик - "Азамат" демократиялық партиясының  
Петр Владимирович төрағасы (келісім бойынша)

Сиврюкова - Қазақстанның үкіметтік емес  
Валентина Андреевна ұйымдары Конфедерациясының  
төрағасы

Сұлтанов - ҚР Парламенті Сенатының депутаты  
Қуаныш Сұлтанұлы

Соломин - Қазақстан Республикасының еркін  
Леонид Зиновьевич кәсіподақтары конфедерациясының  
төрағасы

Терещенко - Қазақстан Республикасының  
Сергей Александрович Халықтарының Ассамблеясы  
төрағасының орынбасары

Тоқтасынов - "Қазақстанның демократиялық  
Төлен Мұхамедияұлы таңдауы" республикалық қоғамдық  
бірлестігі саяси кеңесінің  
төрағасы, Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты (келісім бойынша)

Томаш - Астана Апостолдық епископы, Рим-  
Пэта католик шіркеуінің әкімшісі

Ескерту: Кеңестің құрамына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісі Төрағасының келісімі бойынша Мәжілістің екі депутаты  
және Қазақстанның "Ақ жол" демократиялық партиясының бір өкілі енеді.